




Әлеуметтік жұмыстың
технологиясы әлеуметтік
технологиялардың бір бөлігі
ретінде

Жоспар:

1. Әлеуметтік технология ұғымы
2. Әлеуметтік жұмыс технологиясы
3. Әлеуметтік жұмыстағы технологиялық процесс

- **Әлеуметтік технологиялар** – бұл адамдар өміріндегі әлеуметтік қатынастар мен процестерді өзгерту мен реттеудің ең тиімді әдістері туралы білімдер жүйесі, сонымен қатар әлеуметтік қатынастар мен процестерді өзгерту мен реттеудің оңтайлы әдістерін алгоритмдік қолдану практикасы.

- **Әлеуметтік жұмыс технологиялары**
- бұл қиын өмірлік жағдайдағы азаматтарға көмек пен қолдау көрсетуге, әлеуметтік қызмет көрсетуге бағытталған әлеуметтік технологиялардың бір саласы.

Қазіргі заманғы әлеуметтік жұмыс маманы
- бұл әлеуметтік қатынастар мәселелерін,
азаматтардың құқықтық кепілдіктерін
терең меңгерген, адамдар өмірінің
моральдық -психологиялық мәселелерін
мұқият білетін және оларға жағдайға
сәйкес көмек көрсететін білікті маман.

Теориялық білімдерден басқа, әлеуметтік жұмыс әлеуметтік-психологиялық және ситуациялық талдау, әр түрлі топтардың өмір сүру жағдайларының әлеуметтік-ұйымдастырушылық диагностикасы, нақты әлеуметтанулық зерттеулер жүргізу, болжау саласындағы дағдылардың болуымен және әлеуметтік процестердің даму тенденциясын анықтау, олардың барысын реттейтін құралдарды оңтайлы таңдауда көрінетін терең технологиялық дайындықты қажет етеді.

Әлеуметтік жұмыс көптеген адамдарға, сотталған адамдардан бастап, өз мүмкіндіктерін толық пайдалана алмайтын адамдарға дейін көмектесе алады. Бірақ сауатты әлеуметтік жұмысты жүргізу үшін әлеуметтік жұмыс әдістерін білу және қолдана білу қажет. Сондықтан әлеуметтік жұмыс әдістерін қарастыру - өте өзекті мәселе.

- «Технология» ұғымы (грек тілінен *tekhnē* – өнер, шеберлік) – өнімді алу, жасау немесе өңдеу әдістері мен тәсілдерінің жиынтығы ретінде анықталады.

- **Әлеуметтік технологиялар** - бұл белгілі бір әлеуметтік мәселені шешуге әсер ететін әдістердің, тәсілдердің жиынтығы, әлеуметтік процестер мен жүйелерді өзгерту және оңтайландыру мақсатында оларға әсер ету. Әлеуметтік технологиялардың мақсаты - жеке адамға әлеуметтік қызмет ету қабілетін қайтару.

- Әлеуметтік жұмыс технологиясының мазмұны жобаны, қызмет бағдарламасын, белгілі бір алгоритмді және қойылған міндеттерді шешу процесінде іс-әрекеттің логикалық реттілігін, белгіленген процедуралық әрекеттердің стандартын немесе нормасын, ұйымды бағалаудың объективті критерийлерін, қызметтің барысы мен нәтижелерін негіздеуден тұрады.

Әлеуметтік жұмыс технологиясын сипаттайды:

- маманның клиентпен жұмысының мазмұны мен формаларының үнемі өзгеруінен және қызметтің эвристикалық сипатынан тұратын **динамизм**;
- клиентпен тікелей немесе жанама байланысты үнемі ұстап тұру және оған әсер ету қажеттілігінен туындаған **үздіксіздік**;
- клиенттермен жұмыс істеу кезіндегі сатылардың және рәсімдердің стереотиптік, тұрақты қайталануында көрініс табатын **циклділік**;
- мақсат анықталған сәттен бастап шешім орындалғанға дейін клиенттерге біркелкі әсер етпейтін технологиялық процестің **дискреттілігі**.

Әлеуметтік жұмыс технологиясының екі негізгі тобы

Әмбебап (базалық, жалпы)
- кез келген клиентпен,
отбасымен, топпен, санатпен,
қоғамдастықпен әлеуметтік
жұмыста қолданылуы мүмкін
технологиялар

Клиенттердің белгілі бір
санатымен өзара
әрекеттесудің **нақты (жеке)**
технологиялары

Әмбебап (базалық, жалпы) технологиялар

- әлеуметтік оңалту технологиясы;
- әлеуметтік кеңес беру технологиясы;
- әлеуметтік профилактика технологиясы;
- әлеуметтік бейімделу технологиясы;
- әлеуметтік қызмет көрсету технологиясы;
- әлеуметтік диагностика технологиясы;
- қорғаншылық және қамқоршылық технологиясы;
- әлеуметтік сақтандыру;
- әлеуметтік қамсыздандыру.

Нақты (жеке) технологиялар

- Клиенттердің белгілі бір санатымен (қарт адамдармен, мүгедектермен, мигранттармен, жұмыссыздармен, жастармен, жалғыз басты адамдармен, үйсіз адамдармен, отбасылармен, кәмелетке толмағандармен және т.б.) өзара іс-қимылдың **нақты (жеке) технологиялары**. Бұл өте кең топта кіші топтарды бөлуге болады. Мысалы, отбасымен жұмыс істеудің нақты технологиясы дисфункционалды отбасымен жұмыс жасау технологиясын немесе жас отбасымен жұмыс жасау технологиясын және т. б. қамтуы мүмкін.

- **Әлеуметтік жұмыс технологиясы-** бұл нәтижесінде белгілі бір мақсатқа жететін және әсер ету объектісі пайда болатын іс-әрекет алгоритмі. Бұл іс-әрекет бір реттік әсер ету актісі болып табылмайды, керісінше әлеуметтік жұмыстағы жаңа міндеттерді шешу барысында циклды түрде қайталанып отырады, сонымен қатар мазмұны, формасы және әдістерінің өзгеруімен сипатталатын процесс. Мұндай циклдың мазмұны міндеттердің пайда болуынан бастап оны толық шешкенге дейінгі жиынтық технологиялық процесті құрайды.
- **Процесс-** бұл ішкі және сыртқы факторлардың әсерінен зерттеу пәнінің өзгеруі. Әлеуметтік жұмыста сыртқы фактор ретінде клиенттің өмір сүру ортасы мен әлеуметтік жағдайы қарастырылады, ал ішкі фактор ретінде адамдардың адамгершілік-психологиялық, физиологиялық және физикалық ресурстары қарастырылады.

- Әлеуметтік жұмыс маманының клиенттің мүддесіне сай ішкі және сыртқы факторларға мақсатты бағытталған ықпалы, олардың белсенділігі әлеуметтік жұмыс технологиясының басты қызметі болып табылады. Әлеуметтік қызметкер ақпаратты талдауда тұлғалық мәселелерді шешудің бірнеше жолдарын дайындайды және дайындалған жоспарды тәжірибеде жүзеге асыруға қатысады, яғни клиенттің тіршілік әрекетіндегі ықпал ету технологиясын жасап шығарушы және белсенді қатысушы болып табылады.
- Біріншіден, технологиялық процестің негізін іс-әрекет алгоритмі құрайды.
- Екіншіден, технологиялық процестің маңызды компоненті операция болып табылады.
- Үшіншіден, технологиялық процестің маңызды компоненттерінің бірі –инструментарий болып табылады.

**ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ ПРОЦЕСТІҢ ПРОЦЕДУРАЛЫҚ
КЕЗЕҢДЕРІНІҢ ЖАЛПЫ 4 ТҮРІН БӨЛУГЕ
БОЛАДЫ:**

**іс-әрекеттің
мақ сатын
нақтылау**

**іс-әрекет
тәсілін
дайындау
және таңдау**

**іс-әрекетті
ұйымдасты
ру**

**іс-әрекет
нәтижесін
талдау
және
бағалау**

- Кез-келген мәселені шешу қорытындысында ішкі және сыртқы қарама-қайшылықтарды шешуге алып келеді. Әлеуметтік қарама-қайшылық —бұл әлеуметтік өмір құбылыстарындағы тенденциялар мен талаптардың өзара қарым-қатынасын жоққа шығаратын қарама-қайшы іс-әрекеттер.

**Әлеуметтік қарама-қайшылықты
бейтараптандыратын факторлардың болмауы –
оның ушығу шегіне жетуіне әкеп соқтырады.
Қарама-қайшылық өзінің дамуында бірнеше
кезеңдерден өтеді:**

**1.
Тепе-теңдік
кезеңі.**

**2
Маңызды
айырма
шылық
тар кезеңі.**

**3
Қарама-
қайшылық
кезеңі**

**4.
Қақтығыс
кезеңі.**

Технологиялық бағыттан әлеуметтік жұмыста тұлғалық мәселелерді шешуде төмендегі принциптерді ұстанған дұрыс:

Тұлғалық
мәселелерді
шешуде
және
талдауда
жүйелі
бағытталу

Нақты
шешілетін
мәселеге
инструмен
тарийдің
сай келуі

Клиенттің
физикалық
және
рухани
ресурстарға
сүйенуі

Қолданыл
атын
инструме
нтарийдің
ықпал
етуін
бақылау

Жұмыс
барысын
да маз
мұнын,
формала
ры мен
әдістерін
реттеу

Технологиялық процестің тұйық циклы келесі кезеңдер мен операцияларды қамтиды:

- **1.Алдын-ала жүзеге асырылатын кезең.**
- **2.Мақсатты жобалау кезеңі.**
- **3. Ақпаратты өңдеу кезеңі.**
- **4. Процедуралық-ұйымдастырушылық жұмыс кезеңі.**
- **5.Жұмысты бақылау-аналитикалық кезеңі.**

- Әлеуметтік жұмыстың технологиялық процесін жетілдіру жолдары:
- біріншіден, технологиялық процестердің барлық кезеңдерінде, операцияны орындау барысында жаңа әдістемелерді дайындау;
- екіншіден, әлеуметтік жұмыс инструменттарийінің барлық компоненттерін қолдану тәсілін жетілдіру;
- үшіншіден, әлеуметтік жұмыс клиенттерінің нақты өмір сүру жағдайы ерекшеліктерін ескере отырып, әлеуметтік жұмыстың жалпы әдістерімен сәйкестігімен қамтамасыз ету;
- төртіншіден, әлеуметтік әсер ету объектісіне ықпал ету әдістерін таңдауда әлеуметтік психологиялық факторларды әрқашан ескеру және жаңа технологияларды дайындау үшін әлеуметтік ғылым жетістіктерін қолдана білу қабілетімен тұжырымдалады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

- 1. Сарыбаева И.С. Әлеуметтік жұмыстың әдістері мен технологиялары: Оқу құралы. Қазақ университеті, Алматы 2013ж.
- 2. Теория социальной работы. Под. ред. Е.И. Холостовой.-М., 1998.
- 3. Холостова.- Е.И., Кононов Л.И. Технология социальной работы: Учебник для бакалавров. Издательство: Дашков и К, 2016 г.-478 стр.